Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша
Нысан
Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
қоғамына
Кімнен: «Шуағынды шаш» қоғамдық бірлестігі
(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Өтініш беруші Шамшадинова Арайлым Аманкелдиновна | | | | |
| 1. БСН | 190640007550 | | | |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | 07.06.2019ж | | | |
| 3. Ұйымның толық атауы | «Шуағынды шаш» Қоғамдық бірлестігі | | | |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | Ақтау қаласы, 32б ш/а – 18 үй – 29 пәтер | | | |
| 5. Ұйымның басшысы | Тегі<br>Шамшадинова | Аты<br>Арайлым | Әкесінің аты (болған жағдайда)<br>Аманкелдиновна | Лауазымы<br>«Шуағынды шаш» Қоғамдық бірлестігінің төрайымы<br>«Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің үйлестірушісі |
| 6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері | - Қайырымдылық шараларын ұйымдастыру және өткізу<br>- Демеушілермен жұмыс<br>- Кәсіпкерлік жобаларын жүзеге асыру<br>- Мәдени қайырымдылық жобалар мен шараларды өткізу және ұйымдастыру<br>- Кәсіпкерлік жобалар бойынша жұмыс орындарын ашу<br>- Қолөнерді дамытуға бағытталған шеберлер көрмесі, жәрмеңкесін және біліктілігін көтеру тренинг, семинарларын ұйымдастыру;<br>- Тұрғындар арасында ұлттық салт-дәстүрді, отбасы құндылықтарын насихаттау;<br>- Жастарды патриоттық рухын қалыптастыру бағытында іс - шаралар жүргізу;<br>- Ата - аналарға отбасы тәрбиесі туралы кеңестер беру;<br>- Азаматтық бастамаларды қолдау;<br>- Жобаларды қолдау үшін демеушілерді іздеу;<br>- Жарғылық мақсаттарына сәйкес кештер мен басқа шараларды ұйымдастыру;<br>- Салауатты өмір салтын, ұлттық салт дәстүрлерді, спортты насихаттау; | | | |

| | |
|---|---|
| | - Жастар шығармашылығын дамыту және патриоттық тәрбие беру;<br>- Кәсіпкерлікті дамыту және қолдау;<br>- Мемлекеттік тілді насихаттау;<br>- Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамға бейімдеу қызметі;<br>- Еріктілікті дамыту;<br>-жастарға және жасөспірімдерге, әйелдерге арналған дағдарыс орталықтарының қызметін ұйымдастыру:<br>- мемлекеттік қызмет көрсетулерге қоғамдық мониторинг жүргізу;<br>- Қазақстан Республикасының заңдарына, Қауымдастықтың Жарғысы мен құрылтай шартына қайшы келмейтін, сондай-ақ Қауымдастықтың алдында тұрған мақсаттарға жетуге ықпал ететін басқа да қызметтер; |
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | Жастар, оқушылар мен студенттер, облыс тұрғындары. |
| 8. Ұйымның байланыс телефоны | 8/701/4590943 |
| 9. Электрондық пошта мекенжайы | Arailymshamshadinova@mail.ru |
| 10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты | жоқ |
| 11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар) | Инста: arailum_shamshadinova; shuagyndyshash<br>Фейсбук: Арайлым Шамшадинова; Шуағынды шаш |
| 12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *<br>Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері. | (see table below) |

| № | Әлеуметтік жобаның атауы | Қаржыландыру көлемі (теңге) | Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші | Орындау кезеңі | | Негізгі нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Басталуы | Аяқталуы | |
| 1. | «Әйелдерге құқықтық және психологиялық көмек көрсету» | 500 000 | Маңғыстау облысының «Азаматтық Альянс» ЗТБ | Шілде 2022ж | Қыркүйек 2022ж | Әйелдер білімдерін арттырып, жұмыс жасауға, аяғынан нық тұруға, өзіндік сенімділік артып, әлеуметтік жағдайын жақсарды. |
| 2 | «Жетім балаларды ортаға бейімдеу» | 300 000 | Қолдау» Білім беру ұйымдарының Қамқоршылық кеңесі» Қоғамдық Бірлестігі | Тамыз 2022ж | Тамыз 2022ж | Жетім балалар ортаға әлеуметтеніп, Рухани азығын толықтырды. Жасөсірімдер мамандық игерді. Толық отбасының балалары, жетім балаларға деген көзқарасы өзгерді. Өзім Ақтау қаласындағы Отбасы үлгісіндегі балалар үйінде қамқоршылық кеңестің мүшесі |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | болғандықтан, осы жерде осындай үлкен бастамалар болады. Қандай жағдай болмасын отанымыз ортақ, барлық балалар бақытты болуға лайықты екендігін түсіндіру арқылы, оларға жігерлі, жарқын болашаққа нық сенімді баулыды. | |
| | 3 | «Мемлекетік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу жөніндегі қызметтер» | 700 000 | "Түпкараған ауданы әкімінің аппараты" ММ | Қыркүйек 2022ж | Желтоқсан 2022ж | Жобаның басынан бастап сауалнамаға арналған анкеталар әзірленіп, 105 дана сауалнама дайындалды.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу жолдарын түсіндіретін бейнероликтер келісіліп, 3 дана бейнеролик дайындалды.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тақырыбында баннерлер үлгісі әзірленіп, 3 дана дайындалды.<br>Түпқараған ауданы бойынша тұрғындарға сауалнама жүргізілді.<br>Ақпараттық бетшелер үлгісі әзірленіп, 1000 данасы дайындалды.<br>фейсбук парақшасында тікелей эфир жүргізілді.<br>Ақпараттық бетшелер тұрғындарға таратыла бастады.<br>Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері бойынша құрия сатып алу әдістері жүргізілді.<br>Жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік қызметшілердің және ҮЕҰ қатысуымен кездесу яғни фокус-топтық сұхбат өткізілді. Нәтижесінде ұсыныстар берілді. | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4 | «Патриоттық тәрбие беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» | 790 000 | "Түпқараған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" ММ | Қараша 2022ж | Желтоқсан 2022ж | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, Мемлекеттік қызметшілерді, ҮЕҰ, БАҚ өкілдерімен бірлесіп кездесулер мен пікірталас алаңы өткізілді. Білікті журналист, СММ маманын тарта отырып, мемлекеттік қызмет саласындағы қызметкерлерге арнап ораторлық шеберлік, жұртшылық алдында сөз сөйлеу, сұхбат беру, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларды жүргізу әрі дамыту бойынша қызметкер арасында күндік шеберлік сағаты өткізілді. Осы шеберлік сағаттар арқылы бірнеше қызметкерлер жұмыстарына пайдасы тиді. |
| | 5 | «Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру бойынша жобаны жүзеге асыру» | 980 000 | "Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ | Маусым 2023ж | Желтоқсан 2023ж | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу бағытында жергілікті газеттерге мақалалар жарияланды. Нәтижесінде облыс тұрғындары ақпараттанды, жемқорлықтың алдын алуға қоғамның өз үлесін қосу керектігін түсінді. Ақтау қаласының тұрғындарының арасында жемқорлықпен күрес саласындағы проблемалық мәселелерді зерделеу мақсатында сауалнама жүргізілді және мемлекеттік органдарға 3 ұсыныс жіберілді.Жасалған іс-шаралар, дөңгелек үстел, конкурстар, бейнероликтер арқылы тұрғындардың сыбайлас жемқорлықтың салдары мен зияны жөнінде түсінік алды.<br>Студенттер арасында «Жемқорсыз болашақ» тақырыбында TedX |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | форматында, біліктіліктерін арттыру, спорттық және мәдени іс-шаралар өткізілді. Бұл іс-шаралар арқылы жастар болшақта ең бастысы адалдылық пен білім арқасында жеңіске жететіндерін түсінді. |
| | 6 | «Жастарды отан сүйгіштікке және әскери – патриоттық тәрбиелеу бойынша шараларды жүзеге асыру» | 850 000 | "Қарақия аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту бөлімі" ММ | Шілде 2023ж | Желтоқсан 2023ж | Жастардың санасына өз Отанға деген сүйіспеншілікті ояту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, әскери-патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында бейнероликтер дайындалды. Әлеуметтік желілерде посттар, бейнероликтер жарияланымдары арқылы жастар сыбайлас жемқорлықтың соңы жақсылыққа апармайтындығына көз жеткізді. Жастарға патриоттық тәрбие беру жөнінде сұхбаттар жүргізілді. Нәтижесінде, өмірде ең басты ұстаным адалдық, еліне деген патриоттық сезімнің мәңгілік екендігі түсіндірілді. Жасөспірімдер мен жастарға облыс, әлем чемпиондарымен шеберлік сағаттары өткізіледі. Чемпиондар оларға әскери-патриоттық тәрбие, мотивация берді. Патриоттық сезімдері артты, Отанға деген сүйіспеншілік рухтары оянды. Билборд, ақпараттық бетшелер, сауалнамалар арқылы тұрғындар ақпараттанды. |
| | 7 | «Қарақия ауданы әкімдігі көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу» | 890 000 | «Қарақия ауданы әкімінің аппараты» ММ | Сәуір 2023ж | Желтоқсан 2023ж | Фокус-топтық сұхбат, сауалнама, телефонмен сауалнама, сараптамалық және тереңдетілген сұхбаттар, Құпия сатып алушы, құпия бақылаушы әдістері арқылы Қарақия ауданы бойынша Көрсетілген мемлекеттік қызметтерге қоғамдық мониторинг жүргізіледі. |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер барысында туындаған өзекті мәселелер анықталып, мониторинг бойынша ұсыныстар берілді.<br>Әлеуметтік желілерде видеороликтер мен посттар жариялау арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу мүмкіндіктері туралы тұрғындар хабардар етілді.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="9">2. Әлеуметтік жобаның командасы Шамшадинова Арайлым Аманкелдиновна; Қарашолақова Гүлмейрам Орынбайқызы; Абилова Гульзира Дуйсекеновна</td></tr>
<tr><td>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</td><td colspan="8">Шамшадинова Арайлым Аманкелдиновна – жоба координаторы<br>Қарашолақова Гүлмейрам Орынбайқызы – координатордың ассистенті<br>Абилова Гульзира Дуйсекеновна – есепші</td></tr>
<tr><td>2. Жұмыс тәжірибесі</td><td colspan="8">«Шуағыңды шаш» Қоғамдық бірлестігінің төрайымы. Жоғары білімді. «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» 2001- 2006жж., «Теміржол көлігіндегі автоматтандыру және байланыс» мамандығы бойынша бітірген. 2006 жылдан бастап жұмыс өтілі бар. Жалпы жұмыс тәжірбиесі 17 жыл. ҮЕҰда 2017 жылдан бастап, қазіргі таңға дейін.<br>Қарашолақова Гүлмейрам Орынбайқызы – жоба ассистенті, жалпы жұмыс тәжірбиесі 8 жыл. ҮЕҰда 2018 жылдан бастап, қазіргі таңға дейін.<br>Абилова Гульзира Дуйсекеновна - жоғары білімді, 2001 г. «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» Бухгалтерский учет и аудит мамандығы. Профбухгалтерлік сертификаты бар. 2001 жылдан бері жұмыс өтілі бар.</td></tr>
<tr><td>3. Қосымша мәліметтер</td><td colspan="8">2019 жыл<br>1) «Бизнес 3 күнде» жобасы аясында 35 көпбалалы, толық емес отбасылары мен жалғызбасты аналарға Ақтау қаласы бойынша көмек көрсетілді. Тегін.<br>2) «Көпбалалы, толық емес отбасылары мен жалғызбасты аналарға семинар – тренингтер мен мәдени шаралар ұйымдастырылды» жоба координаторы. Тегін.<br>3) Көпбалалы, толық емес отбасылары мен жалғызбасты аналарға арналған «Көрпе Fest» фестивалі ұйымдастырылды. Тегін.<br>4) «Көпбалалы, толық емес отбасылары мен жалғызбасты аналарға, осал топ отбасыларына арналған тігін тігу мен кондитерлік тағамдар пісіруден «Шуағыңды шаш» аналар фестивалі мен мастер класстар ұйымдастырылды»<br>Тегін.<br>5) «Көпбалалы, толық емес отбасылары мен жалғызбасты аналарға, осал топ отбасыларына арналған «Шуағыңды шаш» аналар ярмаркасы ұйымдастырылды» Тегін.<br>6) «Көпбалалы, толық емес отбасылары мен жалғызбасты аналарға, осал топ отбасыларына арналған Волейболдан жарыстар ұйымдастырылды» Тегін.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | 7) пондемия кезінде облыс көлемінде 10 мыңға жуық маскалар тігілді. Тегін. – 2020ж<br><br>«Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінде 2021жылдан бастап үйлестіруші болып жасаймын. «Жанару» РҚБ мүшесі. Барлық сала бойынша мониторингтер жүргіземін. Сыбайлас жемқорлық қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында кездесулер өткіземін. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме https://www.instagram.com/p/C29euniIGVv/?igsh=Y25weWw0cWZ1dHBy, https://www.facebook.com/share/p/vQxygEMhLhizKLJY/? | |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | «Парасатты қоғам» |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | 2022 жылы «Аманат» ЗҚО» ЖШС үш нысаналы топ (халық, бизнес, студент жастар) арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті анықтау бойынша әлеуметтанушылық зерттеу жүргізді (еліміздің барлық өңірінен 8 мың респондент қатысқан).<br><br>Зерттеу нәтижелері бойынша «сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге жеке үлесін қосуға дайын екендігін білдірген азаматтардың үлесі» 64,9%-ды құрады.<br><br>Бұл ретте, жастар тобы респонденттерінің 88,7%-ы кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне теріс көзқарасын білдірді, әрбір екінші азамат (55,5%) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысуға дайын екендігін білдірді.<br><br>Сұрастырылған кәсіпкерлердің 69%-ы өз бизнесін пара бермей-ақ дамыту мүмкіндігін атап өтті. Сонымен қатар, Шымкент қаласының (49,9%), Шығыс Қазақстан (53,4%) және Түркістан (46,1%) облыстарының әрбір екінші кәсіпкері бұл пікірді қолдамады.<br><br>Бизнесті дамытудағы негізгі кедергі (72,1%), олардың пікірінше, тиісті рұқсат құжаттарын беретін қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа шалдыққандығы, оларды беруді негізсіз созуы болып табылады.<br><br>Сұрастырылған бизнесмендердің 5%-ы мемлекеттік органдарда мәселелерді бейресми түрде шешу қажеттілігіне тап болған. Жағдайдың<br>40%-ында олардың өздері сыбайлас жемқорлық жағдайының бастамашысы болды. Мұның себептерін шарасыздық (32%), алғыс білдіруге деген ұмтылыс (25,3%), мәселені шешуді жеделдетуге деген ұмтылыс (20,9%) және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға деген ұмтылыс (14,5%) деп атайды. |

Кәсіпкерлер сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған мемлекеттік органдардың қатарына мемлекеттік кірістер, көліктік бақылау органдары, әкімдіктердің құрылымдық бөлімшелері және құқық қорғау органдары жатады.

Жалпы, респонденттердің жартысынан көбі (57,5%) соңғы үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеу динамикасын атап өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділік көрсеткіштерінің бірі мемлекеттік органдардың нәтижелілігін бағалау шеңберінде, Президент Әкімшілігі өлшемдейтін Агенттікке деген сенім деңгейі (2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлыққа сәйкес) болып табылады, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке деген сенім 1,5 бірлікке өсті және 64,1%-ды құрады.

Жаһандық ахуал бөлігінде Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде (бұдан әрі – СЖТИ) Қазақстан 36 балл алды, бұл СЖТИ-дің 2021 жылғы нәтижесінен бір баллға төмен.
https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/494573?lang=kk

Маңғыстау облысында сыбайлас жемқорлық деңгейін саралау мақсатында Ақтау қаласының 18 жас пен 66 жас аралығындағы 100 тұрғындар арасында сауалнама жүргізілді. Қорытындылай келе, 1424 Call center ін халықтың 51% хабардар екен. Өңірімізде қай мемлекеттік мекемелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары екендігін анықтаған болатынбыз. Халықтың 50% білмеймін деп жауап берді. Алғашқы үштікті анықтадық. Олар: 1 – полиция, 2 – білім және 3 – денсаулық. Сауалнамада Жергілікті атқарушы органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша атқарылып жатырған іс-шараларға көңіліңіз тола ма? Деген сұрақ болған болатын. Халықтың 52% «жоқ» деп жауап берген. Ол не дегенді білдіреді? Халықтың арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін өзге де іс – шараларды көбнйту қажетпіз. Және де, сауалнамаға қатысушылардан Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін ұсыныстарын сұраған болатынбыз. Өзінен бастау, адал, әділ болу, тәртіпті - заңды күшейту керек, тексерісті, рейдтерді күшейту, жалақыны көтеру керек деген ұсыныстар да болды. Дегенмен ең көп ұсыныс - Іс-шараларды ұымдастыру, жемқорлықпен күресті күшейту керек деген ұсыныс болды.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытындағы жұмысқа азаматтық қоғам институттарын тарту міндеті жүктелген. Өте дұрыс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қоғам болып атсалысу керек. арасында «Маңғыстау-Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің мамандары, қоғам өкілдерінің қатысуымен тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізду және семинар – тренингтер мен сайыс-конкурстар өткізу мәдениеттің дамуының бірден – бір жолы. Халық арасында сауалнама жүргізу арқылы зерттеулер жүргізіп, анализ жасау арқылы жемқорлықтың деңгейін анықтауға болады.
Қазіргі таңда азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кешенді ағартушылық жұмысты ұйымдастыру, заң үстемдігі мен тәртіп идеясын ілгерілету, адалдық пен ашықтық қағидатын іске асыру, сыбайлас жемқорлықпен күресте қоғамның барлық тобын жұмылдыру сұранысы өзекті. Қоғамның барлық тобы олар жастар мен жасөспірімдерден бастау алады. Ата – анамен, ұжыммен жұмыс өз алдына бөлек бір мәселе. Ақпараттық шараларды барынша кеңінен жүргізу. Жастар мен жасөспірімдермен, ұжымдармен кездесулер өткізу. Патриоттық тәрбие, парасаттылық, білімге құштарлық, тәлім – тәрбие барлықы сабақтастық. Жемқорлықты мүлде жою мүмкін болмас, бірақ

| | |
|---|---|
| | оынмен күресуді тоқтатпай, мәдениетті қалыптастыруға болады. Қазақстанның болашағы – жастар! Сол жастарымызды ақ жолға салу, адалдық пен әділдікті үйрету, жүректерінде намыстарын ояту ол біздің, қоғамның, сенімен менің міндетім! Президентіміз айтқандай: «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет»!<br>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруда азаматтық қоғам өкілдерін, бұқаралық ақпарат құралдарын тарту қажет. Сондай-ақ заманауи медиа технологияларды пайдалану арқылы медиа өнімдерді әзірлеу және таратуды ұйымдастыру қажет. Осы салада бірнеше жылдан бері жұмыс жасап келемін. Мемлекеттік қызметшілер, халық көп шоғырланған жерлерде адалдық, парасаттылық, жемқорлыққа жол жоқ, пара берсең, алсаң жазаланасың деген ақпараттық бетшелер көп болған сайын, адамдардың санасы сол құрлым қабылдайды. Өңірдегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету қажет. Осындай ауқымды жұмыстардың арқасында, тұрғындардың арасында сауаттылық деңгейлері жоғарылап, білімділігі артты. Сондықтан, заң жағынан да, патриоттық жағынан да халықты көбірек ақпараттандыру пайдалы шара.<br>Аталған бағыттағы жұмысты ұйымдастыруда фасилитациялық сессиялар, «канвассинг» форматындағы кездесулер, адалдық пен парасаттылық құндылықтарын насихаттауға бағытталған қоғамдық-мәдени, зияткерлік іс-шараларды жүйелі ұйымдастыру қажет. Азаматтардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру, жемқорлық деңгейін төмендету және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың қоғамдық ахуалын қалыптастыру мақсатында ашық пікірталастар алаңдарын, дебат ойындарын өткізудің маңыздылығы зор.<br>Маңғыстау облысы Білім басқармасы, «Мемлекеттік қызмет істері агентігінің Маңғыстау облысы департаменті», «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агентігінің Маңғыстау облысы бойынша Департаменті», «Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс Республикалық қоғамдық бірлестігі, «Жас қыран» сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйым |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Маңғыстау облысы тұрғындары арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 4 әлеуметтік эксперименттік ролик және 2 аудиоролик әзірлеу, тарату;<br>2. Сауалнамалар жүргізу;<br>3. 2 сарапшы тарта отырып, 2 семинар-тренинг өткізу;<br>4. Ақтау және Жаңаөзен қалаларында жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділік сананы қалыптастыру 5 әлеуметтік көрме;<br>5. медиа байқау ұйымдастырылу;<br>6. 2 қала, 5 ауданда (кемінде 20 елді мекенде) ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізу, 500 дана ақпараттық материалдарды әзірлеп, тарату; |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға | 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әлеуметтік желілерге арналған 4 әлеуметтік эксперименттік ролигі және 2 аудиоролигі әзірленіп, әлеуметтік желілердегі 3 танымал парақшада және БАҚ арқылы таратылады;<br>1 іс-шара: Команда құру; |

| | |
|---|---|
| қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | 2. іс-шара: 6 сценарий жазу;<br>3. іс-шара: Сценарийді тапсырыс берушімен келісу;<br>4. іс-шара: Ролик түсіру және оны тапсырыс берушімен бекіту;<br>5. іс-шара: 3 танымал парақша 112, 911, gamo_aktau әлеуметтік парақшалардан, Маңғыстаумедиа немесе жергілікті телеарнадан жариялау;<br>2. Жоба аясында ұйымдастыралатын барлық іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейі кері байланыс сауалнамалары негізінде кемінде 70% болуы тиіс;<br>1 іс-шара: сауалнама сұрақтарын әзірлеу;<br>2 іс-шара: сауалнама шығару;<br>3 іс-шара: кері байланыс мақсатында сауалнама жүргізу;<br>4 іс-шара: сауалнаманың қорытындысын талдау;<br>3. Республикалық 2 сарапшы тарта отырып, кемінде 100 адамның қатысуымен үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша кемінде 2 оқыту шарасы өткізіледі<br>1 іс-шара: оқыту шарасының техникалық тапсырмасын дайындау;<br>2 іс-шара: сарапшыларға шақыру жіберу, келісім шартқак отыру;<br>3 іс-шара: бағдарлама дайындау, тапсырыс берушімен (МО Ішкі саясат басқармасы) келісу;<br>4 іс-шара: хабарлама дайындап, анонс әлеуметтік желі, электрондық пошта арқылы тарату;<br>5 іс-шара: өтініштерді қабылдау, тізім дайындау;<br>6 іс-шара: өткізу орнын анықтау, келісім шартқа отыру;<br>7 іс-шара: таратпа материалдарды дайындау;<br>8 іс-шара: қатысушыларды шақыру;<br>9 іс-шара: оқытуды ұйымдастыру және сертификаттарды тапсыру;<br>10 іс-шара: оқыту бойынша сарапшылардың есебін жасақтау;<br>11 іс-шара: әлеуметтік желілерде жариялау;<br>4. Ақтау және Жаңаөзен қалаларында жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділік сананы қалыптастыру шеңберінде азаматтар өмірінің түрлі салаларындағы сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдарын (қорқынышты фактілер) көрсетуге бағытталған кемінде 5 әлеуметтік көрме өткізу<br>1 іс-шара: көрменің ережелерін дайындау;<br>2 іс-шара: хабарландыру жариялау;<br>3 іс-шара: жұмыстарды жинақтау;<br>4 іс-шара: комиссия құру, бағалау;<br>5 іс-шара: жеңімпаздарды анықтау;<br>5. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған кемінде 15 БАҚ өкілінің |

| | |
|---|---|
| | қатысуымен медиа байқау ұйымдастырылады;<br>1 іс-шара: кездесу өткізу;<br>2. іс-шара: Байқау туралы әлеуметтік желіге және БАҚ-та жариялау;<br>3. іс-шара: Комиссия құру;<br>4. іс-шара: Жеңімпаздарды анықтау;<br>5. іс-шара: Салтанатты шарада марапаттау рәсімі;<br>6. Өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізу бойынша кемінде 3000 азаматты жанама қамту арқылы 2 қала, 5 ауданда (кемінде 20 елді мекенде) ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізіледі және кемінде 500 дана үлестірмелі материалы әзірленіп, таратылады;<br>1 іс-шара: жоспар құру, команда жасақтау, ақпараттық бетшелер әзірлеу;<br>2. іс-шара: Білім басқармасы, білім бөлімдерімен келіссөз жүргізу;<br>3. іс-шара: Аудан, қала бойынша мектеп оқушылары мен колледж студентерімен кездесу және дебат ойындарын өткізу;<br>4. іс-шара: Ақпараттық бетшелерді тарату; |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Маңғыстау облысы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | 01.04.2024ж |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | 30.11.2024ж |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Азаматтық қоғам, ата – аналар, оқышылар, жастар мен жасөспірімдер, тұрғындар, жергілікті әкімдіктер, Маңғыстау облысы ҮЕҰ өкілдері. |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әлеуметтік желілерге арналған 4 әлеуметтік эксперименттік ролигі, яғни жастар роликтегі іс-әрекеттерге талдау жасайды, өзектілігімен санаға әсер етеді. 2 аудиоролигі әзірленіп, әлеуметтік желілердегі 3 танымал парақшада және БАҚ арқылы таратылады. Нәтижесінде облыс тұрғындарының сыбайлас жемқорлықтың зияны мен келеңсіз салдарымен кеңінен танысып, пікіралмасып ақпараттанады.<br>2. Жоба аясында ұйымдастыралатын барлық іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейі кері байланыс сауалнамалар жүргізіледі. Қатысушылардың реакцияларын, пікірлерін және кері байланыс алу үшін сауалнама жүргізіледі.<br>3. Республикалық 2 сарапшы тарта отырып, кемінде 100 адамның қатысуымен үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша кемінде 2 оқыту шарасы өткізіледі. Қоғамдық бақылау қазіргі таңда өте қажет. Қоғамдық бақылау инструменттерін меңгереді, оны болашақта жұмыстарына қолданады.<br>4. Ақтау және Жаңаөзен қалаларында жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділік сананы қалыптастыру шеңберінде азаматтар өмірінің түрлі салаларындағы сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдарын (қорқынышты фактілер) көрсетуге бағытталған кемінде 5 әлеуметтік көрме өткізу. Көрме қатысушыларының санасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасы өзгереді. Болашақта жемқорлыққа бармайды. |

| | |
|---|---|
| | 5. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған кемінде 15 БАҚ өкілінің қатысуымен медиа байқау ұйымдастырылады. Байқау арқылы 15 жариялым болады. Жемқорлыққа қарсы материалдар саны артады. Журналистік зерттеу тәжірбиесі артады. Мақаланы оқыған тұрғындардың жемқорлыққа қарсы санасы өзгереді.<br><br>6. Өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізу бойынша кемінде 3000 азаматты жанама қамту арқылы 2 қала, 5 ауданда (кемінде 20 елді мекенде) ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізіледі және кемінде 500 дана үлестірмелі материалы әзірленіп, таратылады. Қатысушылардың жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасуына ықпал етеді. |
| Сандық нәтижелері | 1. 6 роликтер, 3 танымал парақша, телебағдарлама, 35 әлеметтік желіге пост;<br>2. Шараға қатысқан қатысушылардың 70%;<br>3. 2 семинар-тренинг, 100 қатысушы;<br>4. 5 көрме, 100 қатысушы;<br>5. 15 қатысушы, 1 медиа байқау;<br>6. 20 елді мекенде кездесу, 3000 азаматты жанама қамту, 500 дана үлестірмелі материалдары;<br>7. Маңғыстау облысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарына тікелей 500-ге жуық тұрғынды жұмылдыру және 10 000-ға жуық адамды ақпараттандыру |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | Іс-шараларды мониториглеу, Қатысушылардың тізімі, фото-видео, әлеуметтік желідегі ақпарат, сауалнама. |

| | | |
|---|---|---|
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес<br>Маңғыстау облысы Білім басқармасы<br>«Маңғыстау – Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі | Қолдау түрі<br>Мектептерде шаралардың өтуіне қолдау көрсетеді<br>Мамандары шараларға қатысады, спикер, комиссия ретінде |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | Әлеметтік желілерде (инстаграмм, фейсбук, тик-ток) видеороликтер, посттар барлығы 35 жариялым болады. Ақпараттандыру арқасында 800 тікелей қатысушылар, жанама 3 000 охват болады. | |

4. Күнтізбелік жоспар

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әлеуметтік желілерге арналған 4 | әлеуметтік эксперименттік ролигі және аудиоролигі әзірленіп әлеуметтік желілерде жариялау. | 01.04. 2024ж | 01.11. 2024ж | Әлеуметтік эксперименттік ролигтерді әзірлеу, тарату арқылы Жастардың, тұрғындардың санасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырамыз. Роликгі талдау, жағымсыз іс-әрекеттерге, өзектілікке мән беру арқасында жемқорсыз әлемді, жемқорсыз болашақты санаға қалыптастырамыз. Әлеуметтік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әлеуметтік эксперименттік ролигі және 2 аудиороligі әзірленіп, әлеуметтік желілердегі 3 танымал парақшада және БАҚ арқылы таратылады | | | | желілердегі 3 танымал парақшада және БАҚ ақпараттарды тарату арқылы халықты адал еңбекке, сыбайлас жемқорлықтың зияны мен келеңсіз салдарымен кеңінен танысып, пікіралмасады. Қаралым саны 3000 жуық болады. |
| 2 | Жоба аясында ұйымдастыралатын барлық іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейі кері байланыс сауалнамалары негізінде кемінде 70% болуы тиіс; | Сауалнама жүргізу Кездесулер, семинар-тренингтер, Ақтау қаласының теңіз жағалауында | 01.04. 2024ж | 01.11. 2024ж | Қатысушылардың реакцияларын, пікірлерін және кері байланыс алу үшін сауалнама жүргізіледі. Сауалнама жүргізу арқылы тұрғындардың ойын білу, жобаның қаншалықты тиімділігін анықтап, жаңаша ұсыныстар береміз. Семинар-тренингке қатысушылар арасында, кездесулерде кері байланыс алу үшін 300 сауалнама жүргізіледі. Және де тұрғындардың сыбайласжемқорлыққа қарсы көз қарастарын білу үшін теңіз жағалауында тұрғындар арасында сауалнама жүргізіледі. Облыс көлемінде барлығы 600 дана сауалнама жүргізіледі. |
| 3 | Республикалық 2 сарапшы тарта отырып, кемінде 100 адамның қатысуымен үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша кемінде 2 оқыту шарасы өткізіледі | Ақтау қаласы «Достық үйінде» ғимараты, «Коворкинг» орталығы | 01.04. 2024ж | 01.11. 2024ж | Республикалық арнайы 2 сарапшы тарта отырып, 100 адамның қатысуымен үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық бақылау бойынша семинар-тренинг өтеді. «Достық үйінде» ғимараты, «Коворкинг» қоғамдық бақылау мәселелері бойынша 2 оқыту шарасы өткізіледі. Қоғамдық бақылау қазіргі таңда өте қажет. Қоғамдық бақылау арқылы тепе-теңдік, әділдік, адалдықты орнатамыз. Қай сала болмасын әрбір қызметкер өз жұмысын адал атқарса, тәртіп орнайды. Жемқорлық болмайды. 70% әлеуметтік желілерде ақпараттар тарату арқылы ашықтық орнайды, алған білімдерімен халықты хабардар етеді. |
| 4 | Ақтау және Жаңаөзен қалаларында жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және сыбайлас | Ақтау және Жаңаөзен қалаларында мектептерде және суреттен, оқушылар мен мұғалімдер арасында | 01.04. 2024ж | 01.11. 2024ж | Ақтау және Жаңаөзен қалаларында жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділік сананы қалыптастыру шеңберінде азаматтар өмірінің түрлі салаларындағы сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдарын (қорқынышты фактілер) көрсетуге бағытталған кемінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жемқорлыққа «нөлдік» төзімділік сананы қалыптастыру шеңберінде азаматтар өмірінің түрлі салаларындағы сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдарын (қорқынышты фактілер) көрсетуге бағытталған кемінде 5 әлеуметтік көрме өткізу | шығарма жазудан байқау өткізіп, жиналған суреттер мен шығармалар, ақын – жазушылардың кітаптарының көрмесі өтеді. | | | 5 әлеуметтік көрме өткізу.<br><br>Ақтау және Жаңаөзен қалаларында мектептерде және суреттен, оқушылар мен мұғалімдер арасында шығарма жазудан байқау өткізіп, жиналған суреттер мен шығармалар, ақын – жазушылардың кітаптарының көрмесі өтеді. Мектеп, колледждер, мекемеде, халық көп шоғырланатын жерлерде видеороликтер көрсетілетін болады.<br><br>9 желтоқсан - Халықаралық жемқорлыққа қарсы күніне орай, оқушылар арасында сурет 1 байқауын ұйымдастырамыз. Жиналған суреттерден «Достық үйінде» 2, мектепте 1 көрме ұйымдастырамыз. 9 желтоқсан - Халықаралық жемқорлыққа қарсы күніне орай, «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында 2 мекемеде қызметкерлер мен балалары арасында пікірлесіп, тақырыпқа байланысты сурет салғызу, оны талқылаймыз. Салынған суреттерден көрме ұйымдастырамыз. Оқушылар мен мұғалімдер арасында шығарма жазудан 2 байқау өткізіп, жиналған суреттер мен шығармалар, ақын – жазушылардың кітаптарының 2 көрмесін Облыстық кітапханада өтеді. Көрме арқылы жұртшылықтың санасына заңды, тәртіпті, жемқорлықтың алдын алу жөнінде түсінетін болады. Соның ішінде жастардың санасына әсерін тигізетін болады. |
| 5 | Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған кемінде 15 БАҚ өкілінің қатысуымен медиа байқау ұйымдастырылады | «Достық үйі» ғимараты, «Коворкинг» орталығында, БАҚ өкілдеріне семинар-тренинг өтеді, тақырыпқа сәйкес мақала байқауын өткіземіз. | 01.04. 2024ж | 01.11. 2024ж | Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған «Достық үйі» ғимараты, «Коворкинг» орталығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте жұмыстар атқарып жүрген мамандар мен «Ақпарат саласының үздігі» және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті Маңғыстау облысы филиалының мамандарын тарта отырып, 15 БАҚ өкілдерімен дөңгелек үстел өтеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған БАҚта жарияланған материалдарға ұйымдастырамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жеңімпаздар марапатталады, әлеуметтік желілерге жарияланады. Байқау арқылы 15 жариялым тарайды.<br><br>Мектеп оқушылары, жастар мен жасөспірімдермен кездесу, пікіралмасулар өткізіледі. Кездесуде оларға адалдық айнасын ұйымдастырамыз. Адалдық айнасына қарату арқылы жастарға жемқорлықтың алдын алу, түрмеден аулақ болу, ол үшін адал еңбектің, отбасының құнды екенін түсіндіреміз, санасына құйамыз. Екі мектеп пен 2 колледжде оқушылар, студенттер арасында «Жастар жемқорлықты жеңе ала ма?» тақырыбында дебат ойындары өтеді. Және де 500 дана ақпараттық бетшелер әзірленіп, таратылады. Ақпараттық бетшелер арқылы ақпараттандыруды көбейтеміз. Бетшедегі материалдарды оқып, көзге – миға жатталады. Санада ақпараттар қалады. Тұрғындардың оң көзқарастарына, жақсылық ойлап, әділетті Қазақстанды өркендетуге ықпалын тигізетін болады. 9 желтоқсан - Халықаралық жемқорлыққа қарсы күніне орай жиын өткізіледі. |
| 6 | Өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізу бойынша кемінде 3000 азаматты жанама қамту арқылы 2 қала, 5 ауданда (кемінде 20 елді мекенде) ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізіледі және кемінде 500 дана үлестірмелі материалы әзірленіп, таратылады | Облыс көлемінде мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орнында кездесулер ұйымдастырылады, ақпараттық бетшелер таратылады. | 01.04. 2024ж | 01.11. 2024ж | Өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізу бойынша кемінде 3000 азаматты жанама қамту арқылы 2 қала, 5 ауданда (кемінде 20 елді мекенде) ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізіледі. 18 Мектеп оқушылары, 3 колледжде жастар мен жасөспірімдермен кездесу, пікіралмасулар өткізіледі. Кездесуде оларға адалдық айнасын ұйымдастырамыз. Адалдық айнасына қарату арқылы жастарға жемқорлықтың алдын алу, түрмеден аулақ болу, ол үшін адал еңбектің, отбасының құнды екенін түсіндіреміз, санасына құйамыз. Екі мектеп пен 2 колледжде оқушылар, студенттер арасында «Жастар жемқорлықты жеңе ала ма?» тақырыбында дебат ойындары өтеді. Және де 500 дана ақпараттық бетшелер әзірленіп, таратылады. Ақпараттық бетшелер арқылы ақпараттандыруды көбейтеміз. Бетшедегі материалдарды оқып, көзге – миға жатталады. Санада ақпараттар қалады. Тұрғындардың оң көзқарастарына, жақсылық ойлап, әділетті Қазақстанды өркендетуге ықпалын тигізетін болады. 9 желтоқсан - Халықаралық жемқорлыққа қарсы күніне орай жиын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | өткізіледі. |

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке салым) | Грант қаражаты | |
| 1 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында әлеуметтік желілерге арналған 4 әлеуметтік эксперименттік ролигі және 2 аудиоролигі әзірленіп, әлеуметтік желілердегі 3 танымал парақшада және БАҚ арқылы таратылады | дана | 9 | | 1 500 000 | | 1 500 000 | |
| | 6 ролик | дана | 6 | 200 000 | 1 200 000 | | 1 200 000 | |
| | 3 танымал парақша | дана | 3 | 100 000 | 300 000 | | 300 000 | |
| 2 | Жоба аясында ұйымдастыралатын барлық іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейі кері байланыс сауалнамалары негізінде кемінде 70% болуы тиіс; | | | | | | | |
| 3 | Республикалық тарта отырып, кемінде 100 адамның қатысуымен үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша кемінде 2 оқыту шарасы өткізіледі | | 113 | | 2 325 000 | | 2 325 000 | |
| | 2 сарапшы гонорары | адам | 2 | 800 000 | 1 600 000 | | 1 600 000 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Таратпа материалдар | дана | 100 | 2 000 | 200 000 | | 200 000 |
| | Кофе брейк | адам | 105 | 2 000 | 210 000 | | 210 000 |
| | обед | адам | 105 | 3 000 | 315 000 | | 315 000 |
| 4 | Ақтау және Жаңаөзен қалаларында жұртшылықтың хабардарлығын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділік сананы қалыптастыру шеңберінде азаматтар өмірінің түрлі салаларындағы сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдарын (қорқынышты фактілер) көрсетуге бағытталған кемінде 5 әлеуметтік көрме өткізу | дана | 5 шара | 150 000 | 750 000 | | 750 000 |
| 5 | Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған кемінде 15 БАҚ өкілінің қатысуымен медиа байқау ұйымдастырылады | рет | 1 | 750 000 | 750 000 | | 750 000 |
| 6 | Өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүргізу бойынша кемінде 3000 азаматты жанама қамту арқылы 2 қала, 5 ауданда (кемінде 20 елді мекенде) ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізіледі және кемінде 500 дана үлестірмелі материалы әзірленіп, таратылады | рет | 20 | 100 000 | 2 000 000 | | 2 000 000 |
| 7 | Жалақы: | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоба жетекшісі | Ай | 8 | 150 000 | 1 200 000 | | 1 200 000 |
| | Жоба есепшісі | Ай | 8 | 100 000 | 800 000 | | 800 000 |
| | Жоба ассистент | ай | 8 | 85 000 | 680 000 | | 680 000 |
| | Салықтар және т.б. | ай | 8 | 46 875 | 375 000 | | 375 000 |
| | Банк қызметі | ай | 8 | 15 000 | 120 000 | | 120 000 |
| | Жиынында: | | | | 10 500 000,00 | | 10 500 000,00 |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;

– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;

- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;

– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;

– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;

- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;

- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;

- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);

- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;

- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

_Төраға_ ___________ _Шалмағамбетова А.А._ 20_24_ж. "_28_" _02_

(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)